

Әдебиетер:

1. Веряев А.А., Нечупаева М.Н., Татарникова Г.В. Функциональная грамотность учащихся: представления, критический анализ, измерение. – С. 15.
2. Нурмуртова К.А. Функциональная грамотность как основа развития гармоничной личности в современных условиях. «Педагогическая наука и практика». – Қостанай.-№1(23).-2019 - С. 14
3. Бұзаубақова К.Ж. Құзыреттілік тұрғыдан білім берудегі білім сапасының мәні //«Шаяхметов оқулары» атты Республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Павлодар, 2009. – Б.237-243.

Әукен А.О.

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

Серикова Г.А.

«Абай атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ, Саран қ.

Абенова Р.Т.

«Жұмабек Тәшенев атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ, Қарағанды қ.

БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Аннотация. Мақалада бастауыш мектеп жасындағы балаларда функционалдық сауаттылықты арттырудың қаншалықты маңызды екені түсіндірілген. Оқушылардың бойына функционалдық сауаттылықты қалыптастырудың жолдары көрсетілген. Елімізде жаңартылған білім беру мазмұны аясында бастауыш сынып оқушыларына ақпараттық, коммуникативтік, мәдени, шығармашылық және т.б. құзыреттіліктерді қалыптастыру қажеттілігі жазылған.

Кілт сөздер: функционалды сауаттылық, құзыреттілік, инновациялық білім беру, құндылық.

Функционалдық сауаттылық-бұл мектепте алған білімдерін күнделікті тапсырмаларды орындау үшін қолдану мүмкіндігі. Оқуда озат болу үшін бала ең алдымен ақпаратпен жұмыс істей білуі керек: оны табу, қажетсізден керегін ажырату, фактілерді тексеру, талдау, жалпылау, ең бастысы тұжырым жасай білу. Мұндай дағды тек гуманитарлық сабақтар аясында ғана емес, пәндердің әрқайсысында қалыптасады. Ақпаратты түсіну және болашақта не үшін қажет екенін ажырату мектеп пәндерінің әрқайсысында маңызды: математика, жаратылыстану, дүниетану және т.б.

Неліктен мұғалім балалардағы функционалдық сауаттылықты дамытумен айналысады? Әрине, бұл балалардың болашағы, олардың еңбек нарығындағы сұранысы және өмірдегі жалпы табысы үшін маңызды.

Бүгінгі жалпы білім беретін мектеп балаларды ертеңгі өмірге дайындауға арналған, сондықтан ол бірнеше жылдан кейін оқушылардың қай әлемде өмір сүретінін және жұмыс істейтінін, әлемдік және отандық еңбек нарықтарында қандай үрдістер жетекші болатынын ескеруі керек. Кәсіби құзыреттіліктердің өзектілігінің өзгеруі үздіксіз жаңарып отыратын техно - логияларға сүйене отырып, жоғары интеллектуалды жұмысты орындауға дайын life-long learning (өмір бойы оқыту) моделін іске асыратын мамандарға сұраныстың артуын куәландырады. Қазіргі уақытта біздің еліміз мектеп оқушыларының өзгермейтін білімнің үлкен көлеміне ғана емес, сонымен бірге өзін - өзі тәрбиелеудің қалыптасқан дағдыларына ие болуына мүдделі, өйткені елде тұрақты тәуелсіз оқытуға бағытталған адамдар саны неғұрлым көп болса, технологияның пайда болуынан оларды практикалық іске асыруға дейінгі жол соғұрлым қысқа болады. Алайда, қазіргі заманауи мектеп білімінің педагогикалық дизайны, білімді беруден ХХІ ғасырдың құзыреттіліктерін қалыптастыруға ауысуда, бұл білімді игеру, рефлексия, бақылау, түзету және бағалау, дағдылар.

Өткен ғасырдың ортасында Батыс білім беру саласындағы зерттеушілер адам өмірі үшін тек пәндік білімнің жеткіліксіздігі туралы айта бастады. Олар үздіксіз инновациялық білім беру жүйесінің моделін құрастыра алды. Адамның білімі 4 негізгі құзыреттіліктерге байланысты: білім (to know), іс - әрекет (to do), болмыс (to be), қоғаммен бірге өмір сүру (to live together)[1].

Қазіргі заманғы оқытушының жетістігі, ең алдымен, ақпараттың мәнін саралау, талдау, жалпылау, оның өзектілігі мен ақиқатын анықтау, өз тәжірибесіне қолдануы. Демек, мұғалім оқушыларының жетістіктерін өз пәні бойынша білім көлемін ғана бағаламай, метапәндік құзыреттіліктерді, яғни, оқу және өмірлік міндеттерді шешуге мүмкіндік беретіндей құзыреттіліктерді қалыптастыру қажет. Бірқатар ғалымдардың пікірімен келісе отырып, білім беру жүйесін дамытудың қазіргі кезеңінде, бір жағынан, өзекті құзыреттерді дамыту (латеральді ойлау)

басым міндет болып табылатынын, бірақ екінші жағынан, базалық сананы қалыптастыру (оқу, санау, құрастыру қабілеті) өзекті болып қала беретінін атап өтеді[2].

Біздің еліміздегі білім беру жүйесінде оқушы бойында функционалдық дағдылар қалыптастыруда мектеп бағдарламасын жаңарту қажеттігі туындап, жаңартылған білім беру мазмұны негізінде бүгінгі күнгі білім беріліп жатыр. Орта білім мазмұнын жаңарту барысында қазіргі өмірде кең ауқымды дағдыларға көп көңіл бөлінеді. Кең ауқымды дағдылар деп – сыни тұрғыдан ойлау, алған білімді шығармашылықпен қолдану, ғылыми зерттеу жұмыстарын орындау, ақпараттық коммуникативтік технологияны қолана білу; коммуникативтілік, топта және жеке жұмыс жасау, көшбасшылық біліктілігін айтуға болады. Бұл дағдылардың негізі жалпыадамзаттық және этномәдени құндылықтар болуы тиіс, оқушыларға күнделікті, сондайақ алдағы өмірдегі проблемаларды өздігінен шешуіне мүмкіндік береді. Жаңартылған білім мазмұны жағдайындағы мектептің ерекшелігі – оқушы – таным субъектісі, ал мұғалім оқушылардың танымдық әрекетінің ұйымдастырушысы қызметін атқарады. Осыған орай, жаңартылған білім беру мазмұнының дәстүрлі бағдарламадан төмендегідей ерекшеліктерін атап өтуге болады.

1. Пән мазмұнының спиралді қағидатпен берілуі, яғни пән мазмұнының қарапайымнан күрделенуі.

2. Блум таксономиясы бойынша оқу мақсаттарының иерархиясы;

3. Бір білім беру аясындағы және пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру мақсатында «ортақ тақырыптардың» берілуі;

4. Оқу үдерісін ұзақ мерзімді, орта мерзімді және қысқа мерзімді жоспарлар арқылы ұйымдастыру;

5. Оқытудың тәрбиелік әлеуетін арттыру, оқушының адамгершілік-рухани қасиеттерін қалыптастыру;

6. Білім беру деңгейлері аралығында пән бойынша сабақтастықты ескеруге мүмкіндік беретін толық оқу курсы бойынша педагогикалық мақсат қою;

7. Бөлімдердің мазмұны мен ұсынылған тақырыптардың уақыт талабына сәйкес келуі, әлеуметтік дағдыларды қалыптастыруға назар аударылуы;

8. Оқытудағы жүйелі-әрекеттік ұстаным (оқушының білім алу үдерісіне белсенді қатысу).

Сондықтан тіл мен әдебиет туралы білімді ақпарат ретінде ұсынбай, баланың дербес ізденісі мен ойлауының нәтижесі ретінде қалыптасуына мүмкіндік беретін оқыту әдістемесін құру керек. Бүгінгі қоғам мен білім берудің жаңа парадигмаларының сұранысын қанағаттандыру үшін тұлғаның функционалдық сауаттылығын қалыптастыруды жүйелі түрде сабақ үрдісіне енгізу заман талабы[3].

Білім алушы бойына оқу (оқылым, айтылым, тыңдалым, жазылым), ойлау (білу, түсіну, қолдану, талдау, салыстыру, бағалау), шығармашылық ойлау, логикалық ойлау, сыни ойлау, алгоритмдік ойлау, проблемалық ойлау, технологиялық ойлау, тілдік құзіреттілік, оқушылардың коммуникативтік дағдыларын дамыту арқылы құзіреттіліктерін қалыптастыру — жаңартылған білім беру мазмұнының басты ерекшелігі тұлғаның функционалдық сауаттылығын арттыру мақсатында екенін ескерілуі қажет.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытудың жолдары:

Мектепте бастауыш және жоғары деңгейдегі функционалдық сауаттылықты дамыту бойынша әр түрлі тапсырмалар берген сайын артып келеді. Олар жыл бойына оқу процесінде біркелкі бөлінуі керек.

Олардың негізгі ерекшеліктері:

- балалар өздерін елестете алатын нақты жағдайларға байланысты;
- білім алушылардың жасына сәйкестігі;
- білім мен факторлардың жүйелілігі мен байланысы.

Функционалдық сауаттылығы дамыған оқушының айрықша белгілері:

- әр түрлі тұрмыстық мәселелерді сәтті шешеді;
- әр түрлі әлеуметтік жағдайларда қарым қатынас жасай алады және жол таба алады;
- байланыс құру үшін негізгі оқу және жазу дағдыларын қолданады;

- бір факт немесе құбылыс зерттеліп, содан кейін әр түрлі жағынан бағаланған кезде пәнаралық байланыстар жасайды.

Жағдайды бағалау және алған білімдерін іс жүзінде пайдалану қабілеті бір сабақта қалыптаспайды, функционалдық сауаттылықты арттыру процесі бірнеше жыл бойы оқу бағдарламасына қисынды түрде енгізілген[4].

Қорыта айтқанда, Қазақстан Республикасының бәсекеге қабілетті мемлекет болуы үшін негізгі алғышарт сауаттылығы жоғары елге айналу. Білім мен ғылымның шарықтау заманында өмір сүріп

отырған біздер үшін жастардың сауаттылығына инновациялық және ақпараттық-электрондық тұрғыдан білім бере отырып, ерекше ден қою керек. «Баланың ынтасын арттыру үшін оқытылатын нәрседе бір жаңалық болуы керек» деп Ж. Аймауытов айтқандай мұғалімдерде әр сабақты жаңаша түрде өтуге ұмтылу қажеттігі туындап отыр. Міржақып Дулатовтың «Жалғыз сүйеніш, жалғыз үміт - оқуда. Теңдікке жетсек те, жұрттығымызды сақтасақ та, дүниедегі сыбағалы орнымызды алсақ та, бір ғана оқудың арқасында аламыз. Жақсылыққа бастайтын жарқын жұлдыз - оқу. Надан жұрттың күні - қараң, келешегі - тұман», - деген сөздерімен аяқтағым келіп отыр. Бүгінгі дәуір ғылым ғасыры. Мақсатты білім беру - тұлға дамуын жүзеге асыратын мәселе. Ал осы жалпы еуропалық стандаартқа сай жаңа білім беру - жеке тұлғаның жан-жақты дамуына әкелетін бірден-бір жол осы болып табылады.

Әдебиеттер:

4. Громова, Л. А. Спортивно-оздоровительное на- правление внеурочной деятельности. 4 класс: учебно-методическое пособие / Л. А. Громова, В. Ф. Красноперова. - Москва: Планета, 2021. - 72 с. - (Развивающие задания для школьников). - ISBN 978-5-907281-61-5.
5. Громова, Л. А. Функциональная грамотность учителя при реализации задач национального проекта «Образование» / Л. А. Громова // Кон- ференциум АСОУ: сборник научных трудов и ма- териалов научно-практических конференций. - 2020. - Вып. 2-2. - С. 32-37.
6. Әлімов А. Интербелсенді әдістемені ЖОО-да қолдану мәселелері. –Алматы, 2013. - 446 б.
7. Қараев Ж. Шығармашылық пен жасампаздықтың жаңа моделі // - 2 ақпан 2004. -№2.

Баймышева Д.Н.

КГУ «Школа-лицей №66» г.Караганды

ФОРМИРОВАНИЕ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ НА УРОКАХ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА

Аннотация. В данной статье рассмотрены методолого-теоретические основы, методы и принципы формирования функциональной грамотности учащихся на уроках английского языка. Даны методические рекомендации по формированию функциональной грамотности школьников.

Ключевые слова: английский язык, работа с текстом, функциональная грамотность.

В Послании Первого Президента РК Н.А.Назарбаева народу Казахстана «Стратегия «Казахстан-2050» Новый политический курс состоявшегося государства» большое внимание уделяется вопросам сферы образования. «Чтобы стать развитым конкурентоспособным государством, мы должны стать высокообразованной нацией» отмечено в Послании.

Одно из наиболее распространённых определений функциональной грамотности дал советский и российский лингвист, и психолог Алексей Алексеевич Леонтьев: «Функциональная грамотность – это способность человека использовать приобретаемые в течение жизни знания для решения широкого диапазона жизненных задач в различных сферах человеческой деятельности, общения и социальных отношений».

Функциональная грамотность– это способность человека использовать умения чтения и письма в условиях его взаимодействия с социумом: оформить счет в банке, прочитать инструкцию, заполнить анкету обратной связи и т.д. Это тот уровень грамотности, который дает человеку возможность вступать в отношения с внешней средой и максимально быстро адаптироваться и функционировать в ней.

Составляющие функциональной грамотности:

Математическая грамотность

Естественнонаучная грамотность

Читательская грамотность

Финансовая грамотность

Глобальные компетенции

Креативное мышление

Язык является важнейшим средством человеческого общения. При обучении иностранному языку особое внимание уделяется формированию и развитию коммуникативных способностей, навыка свободного общения и практического применения английского языка.